

Ақкөл аудандық мәслихатының 2011 жылғы 23 мамырдағы № С 38-4 "Ақкөл ауданының жеке санаттағы мұқтаждық көруші азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 наурызыдағы № С 2-4 шешімі. Ақмола облысы Ақкөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 18 сәуірде № 1-3-177 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 маусымдағы № С 19-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 25.06.2013 № С 19-4 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) шешімімен.

Р К А О е ск е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына сәйкес, Ақкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Ақкөл аудандық мәслихатының 2011 жылғы 23 мамырдағы № С 38-4 «Ақкөл ауданының жеке санаттағы мұқтаждық көруші азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-3-156 тіркелген және 2011 жылдың 8 шілдеде аудандық «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины КZ» газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«1. Ақкөл ауданының жеке санаттағы мұқтаждық көруші азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кесіпорнының Ақмола облыстық филиалының Ақкөл аудандық бөлімшениң (әрі қарай – Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы) тізімдері негізінде, өтініш берусіз мерекелік күндерге арналған біржолғы төлемдер:

9 мамыр - Женіс Күніне:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне он бес мың теңге мөлшерінде;

женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдарға бес мың теңге мөлшерінде;

женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға бес мың теңге мөлшерінде;

женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына үш мың теңге мөлшерінде;

Қарт адамдар мен мүгедектер Күніне:

ең төмен зейнетақы алатын зейнеткерлерге екі мың теңге мөлшерінде; бірінші және екінші топтағы мүгедектерге екі мың теңге мөлшерінде;

2) жедел әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасыларға (азаматтарға), болған жағдайдан кейін үш айдан кешіктірмей, отбасы (азаматтың) кірісіне қарамастан, өтініші бойынша материалдық көмек:

кәмелеттік жасқа толмаған балаларды және жұмыссыз азаматтарды жерлеуге, қайтыс болған баланың немесе жұмыссыз азаматтың қайтыс болуы туралы анықтаманың және қайтыс болуы туралы куәлігінің көшірмесі негізінде он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

өрт, су тасқыны, басқа да зілзала апаттың нәтижесінде зардал шеккен отбасыларға (азаматтарға) «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрлігі Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті Ақкөл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің анықтамасы негізінде біржолғы көмекті елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

туберкулезben ауыратындарға қосымша тамаққа, емдеуге немесе кенес алу үшін барған жолына, жылына бір рет, фтизиатрдан алынған анықтаманың негізінде он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

онкологиялық стационар жағдайында арнайы емді өтетін онкологиялық аурулармен ауыратындарға, жылына бір рет, сырқаты туралы кітапшасынан алынған көшірмесі негізінде он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) селолық жерде тұратын аз қамтылған және көп балалы отбасылардың колledgeдерде күндізгі оқу формасы бойынша оқытын студенттеріне оқуға төлеуіне жылына бір рет оқу құнының мөлшерінде, нотариалды қуәландырылған білім беру мекемесімен жасасқан келісім шарттың көшірмесі мен оқу орнынан берілген анықтаманың негізінде біржолғы көмек;

4) коммуналдық қызмет шығындары үшін әлеуметтік көмек көрсетілсін:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне өтініш берусіз, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының тізімдері негізінде ай сайын 2,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистермен және олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстаған орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына коммуналдық қызметті өтеуге ай сайын бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, өтініш берусіз Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының тізімдері негізінде»

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Ақкөл сессиясының төрағасы</i> <i>хатшысы</i> <i>«КЕЛІСІЛДІ»</i> <i>Ақкөл ауданының әкімі</i>	<i>аудандық К.Нұрсадықов</i> <i>Ж.Салыбекова</i> <i>A.C. Үйсімбаев</i>	<i>Мәслихат</i> <i>Мәслихат</i>
---	--	------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК